

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 983 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне ( Ерекше бөлім):

1) 740-баптың 1-тармағында:

2-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі екінші деңгейдегі банктердегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға;"

мынадай мазмұндағы 2-3) тармақшамен толықтырылсын:

"2-3) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке алуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесі бар тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға;"

2) 741-баптың екінші бөлігінде:

2-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі екінші деңгейдегі банктердегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға;"

мынадай мазмұндағы 2-3) тармақшамен толықтырылсын:

"2-3) жекеше тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке алуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесі бар тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға;"

2. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) 153-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджет процесін жетілдіру мақсатында орталық мемлекеттік органдар салынуы үлгілік жобалар, үлгілік жобалық шешімдер және қайталап қолданылатын жобалар бойынша көзделетін, денсаулық сақтау, білім беру және тұрғын үй құрылысы салаларындағы объектілерді салу бойынша мемлекеттік инвестициялық жобаларды жоспарлау мен іске асырудың Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленгеннен өзгеше тәртібін көздейтін пилоттық жобаларды іске асыруды (енгізуді) жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте мұндай жобаларды жоспарлау тәртібін пилоттық жобаларды іске асыруға (енгізуге) бастамашы болған тиісті саланың (аяның) орталық уәкілетті органдары мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі, сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі орталық уәкілетті органдармен келісу бойынша айқындайды.";

2) 209-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының қарыз алуы республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер алу және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің тапшылығын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы түрінде, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік бағдарламаларды, саланы/аяны дамыту тұжырымдамаларын, ұлттық жобаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үйді салу және (немесе) сатып алуды қаржыландыру үшін, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі жекелеген іс-шараларды белгіленген тәртіппен қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруы түрінде жүзеге асырылады.".

3. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

1) 18-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Процестік әрекеттер барысында адамдардың екінші деңгейдегі банктерде, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде және Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарында орналастырылған салымдарына және басқа да мүлкіне тыйым салу, сондай-ақ оларды алып қою осы Кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен жүргізілуі мүмкін.";

2) 161-баптың 7-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүлікке билік етуге уақытша шектеу, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауға шектеулер белгілеуге, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының банктік шоттардағы активтеріне, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі екінші деңгейдегі банктердегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға, нотариус депозиті шарттарында енгізілген, "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаға, уәкілетті мемлекеттік орган лицензиядан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату (қызметін мәжбүрлеп тоқтату) процесінде тұрған банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының ақшасына, жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотындағы ақшаға тыйым салуға жол берілмейді.";

3) 163-баптың 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Екінші деңгейдегі банктердегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы және кредиттік мекемелердегі шоттар мен салымдардағы ақшаға

және өзге де құндылықтарға тыйым салу кезінде осы шот бойынша шығыс операциялары тыйым салынған қаражат шегінде тоқтатылады."

4. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

156-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына (олар бойынша өсімпұлдарға), зейнетақы активтері мен зейнетақы жинақтарына, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдеріне, мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерге, тұрғын үй төлемдеріне, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке алуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкідегі банктік шоттардағы ақшаға, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банкідегі банктік шоттардағы ақшаға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі екінші деңгейдегі банкідегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкідегі банктік шоттардағы ақшаға, нотариус депозиті шарттарында енгізілген, "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша ашылған банктік шоттардағы ақшаға, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтеріне, жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотындағы ақшаға тыйым салуға жол берілмейді."

5. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 18-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1) валюталық реттеу, ақша-кредит статистикасы мен қаржынарығы статистикасы, қолма-қол ақша айналысы, төлемдер және төлем жүйелері, қаржылық тұрақтылық, қаржы ұйымдары мен олардың үлестес тұлғаларын, Қазақстан Даму Банкінің, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкілерінің филиалдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдарын, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымды,

кредиттік бюроларды және коллекторлық агенттіктерді реттеу, бақылау және қадағалау мәселелері бойынша әкімшілік деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асырады;"

2) 15-бапта:

10), 11) және 12) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"10) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдарында, Ұлттық пошта операторында, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларын;

11) тиісті уәкілетті органдармен келісу бойынша екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының, Ұлттық пошта операторының, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде, банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалардың және қызметін Қазақстан Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензиясы негізінде тек қана айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғалардың үй-жайларын күзетуді және жайластыруды ұйымдастыру қағидаларын;

12) банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғалар жүзеге асыратын банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау, сондай-ақ оларды екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдарына, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне және екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру жөніндегі қызметке қойылатын талаптарды;"

63) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"63) барлық қаржы ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдары, Қазақстанның Даму Банкі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі орындауға міндетті бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде бухгалтерлік есеп шоттарының типтік жоспарларын, бухгалтерлік есеп жүргізу жөніндегі нұсқаулықтарды, бухгалтерлік есеп жүргізуді ұйымдастыру қағидаларын және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларын;"

65) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"65) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша нысандарын, тізбесін, кезеңділігін және ұсыну мерзімдерін қоса алғанда, ұсыну тәртібі айқындалатын, қаржы ұйымдарының, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің қаржылық есептілікті ұсыну және Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокерлері филиалдарының бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша есептілікті ұсыну қағидаларын;"

65-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"65-2) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша қаржы ұйымдары және олардың ірі қатысушылары, банктік холдингтер, банк конгломераттары, сақтандыру холдингтері, сақтандыру тобы, Қазақстанның Даму Банкі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокерлерінің филиалдары, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым, кредиттік бюро және коллекторлық агенттіктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен тәртібін;"

69) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"69) валюталық реттеу, қолма-қол ақша айналымы, төлемдер мен төлем жүйелері, қаржылық тұрақтылық, ақша-кредит статистикасы мен қаржы нарығының статистикасын қалыптастыру, қаржы ұйымдары мен олардың үлестес тұлғаларын, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым, кредиттік бюролар мен коллекторлық агенттіктерді, Қазақстанның Даму Банкін, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарын Қазақстан Республикасының бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – сақтандыру брокерлерінің филиалдары реттеу, бақылау және қадағалау мәселелері бойынша әкімшілік деректерді жинау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді;"

6. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 3-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалатын ерекше құқықтық мәртебесі бар Қазақстанның Даму Банкін, ұлттық даму институты

мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіні қоспағанда, өзге банкілердің бәрі банк жүйесінің төменгі (екінші) деңгейіне жатады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қазақстан Республикасында ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіні қоспағанда, мемлекет қатысатын мамандандырылған салалық банктерді құруға жол берілмейді.";

2) 6-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік орган, Ұлттық пошта операторы, осы Заңның 61-4-бабының 8-тармағында көрсетілген ұйымдар, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында бекітілген өкілеттіктері шегінде жүргізетін қызметті (операцияларды) қоспағанда, уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясынсыз жүзеге асырылған банк операциялары жарамсыз болып табылады.";

3) 30-бапта:

5-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"Осы баптың 2-тармағының 1), 2), 5) 8) және 9) тармақшаларында көзделген банк операцияларын ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асырады.

Осы баптың 2-тармағының 9) тармақшасында көзделген банк операциясын ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі алушының біржолғы зейнетақы төлемі сомасын емделу үшін шетелдік медициналық ұйымға аудару кезінде қолма-қол емес шетелдік валютадағы айырбастау операциялары бөлігінде уәкілетті органның лицензиясын жүзеге асырады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік органдар, Ұлттық пошта операторы, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі өздерінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы баптың 2-тармағының 6) тармақшасында көзделген банк операциясын уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асырады.";

13-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген банк операцияларын, ұлттық даму институты мәртебесіне ие, осы операцияларды уәкілетті органның лицензиясынсыз жүзеге асыратын тұрғын үй құрылыс жинақ банкіні қоспағанда, тек қана депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болып табылатын банктер, сондай-ақ өзінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актісіне сәйкес уәкілетті орган берген лицензия негізінде Ұлттық пошта операторы жүргізуге құқылы.";

4) 36-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған кезде банк (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен қарыз алушының талабы бойынша ашылған банктік шоттардағы мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер түрінде қарыз алушы алатын ақшаны (электрондық ақшаны), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен қарыз алушының талабы бойынша ашылған банктік шоттардағы алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны), сондай-ақ "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тұрғын үй төлемдерін, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаны, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түрінде тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаны, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі екінші деңгейдегі банктердегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаны, нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаны, "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаны, жеке сот орындаушыларының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоттарындағы ақшаны қоспағанда, қарыз алушының банктік шоттарындағы ақшаны даусыз тәртіппен, оның ішінде төлем талабын қою арқылы өндіріп алуды қолдануға (егер мұндай өндіріп алу банктік қарыз шартында ескертілген болса) құқылы.";

5) 50-баптың 4-тармағының екінші бөлігінің 3), 3-1) және 3-2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3) банктердің жеке тұлғалардың банктік шоттардағы ақша қалдықтары және олар бойынша есептелген сыйақы туралы мәліметтерді шот иесінің жазбаша келісімі негізінде аудиторлық ұйымға табыс ету;

3-1) өз депозиторларының және кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін және (немесе) төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктің, басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (банкті уақытша басқарушының) және уәкілетті органның осындай банктің активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтерді қоса алғанда, қызметті туралы ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасында көзделген функцияларды жүзеге асыру үшін ұсынуы;

3-2) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның (уақытша әкімшінің) немесе банктің тарату комиссиясының жеке тұлғалардың мәліметтерді, ал кредитор мен борышкер бір тұлға болған жағдайда олардың міндеттемелері бойынша мәліметтерді депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға және агент банктерге депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функцияларды жүзеге асыру үшін ұсынуы;" ;

б) 51-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде:

2-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банктік шоттардағы ақшаға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдері негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі екінші деңгейдегі банктердегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға;" ;

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банктік шоттардағы ақшаға;"

7) 61-11-баптың 3-тармағының төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер сатып алушы-банкке берілетін кепілдік берілетін депозиттер бойынша міндеттемелердің мөлшері төлемге қабілетсіз банк мүлкінің мөлшерінен асып кеткен жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым туындаған айырманы Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасына сәйкес толтыруға міндетті."

7. "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-2-баптың 4-1-тармағының 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған уәкілетті ұйымға және заңды тұлғаларға қарыздар беруге;

2) Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы, тұрғын үй қатынастары туралы, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде және жарғыда көзделген қызметті жүзеге асыруға құқылы.";

2) 5-5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-5-бап. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау:

квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау;

квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау арқылы жүзеге асырылады;"

3) 5-6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-6-бап. Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру мақсатында:

1) квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды жүзеге асырады;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды жүзеге асырады;

3) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларын және квазимемлекеттік сектор субъектісі көрсететін қызметтердің құнын есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

4) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша тұрғын үй құрылысы мақсаттары үшін жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларын және квазимемлекеттік сектор субъектісі көрсететін қызметтердің құнын есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді."

8. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) мазмұнында:

мынадай мазмұндағы 10-7, 10-8 және 10-9-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

"10-7-бап. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі

10-8-бап. Жеке тұрғын үй қорының жалға берілетін тұрғын үй нарығын дамыту және квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы инвестициялық жобаларды қаржыландыру жөніндегі шаралар

10-9-бап. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары";

2) 2-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-б) тармақшамен толықтырылсын:

"1-б) бірыңғай республикалық электрондық база Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үйге мұқтаждардың есебіне қойған және ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне жүргізу үшін берілген азаматтар туралы мәліметтерді қамтитын база;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) дауыс беру – келу тәртібімен өткізілетін жиналыста ашық ерік білдіру жолымен немесе қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жазбаша сауалнама арқылы жүзеге асырылатын кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға байланысты пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің шешімдер қабылдау процесі;"

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) жеке арнайы шот – арнаулы мемлекеттік органдардың, ішкі істер органдарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшелерінің қызметкерлері мен әскери қызметшілер тұрғын үй төлемдерін есепке жатқызу және белгіленген мақсаттарға төлемдерді жүзеге асыру үшін екінші деңгейдегі банкте немесе ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде ашатын ағымдағы банктік шот;"

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) кондоминиум объектісін басқару органы кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;"

16-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16-4) көппәтерлі тұрғын үй кеңесі (бұдан әрі үй кеңесі) пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері қатарынан сайланатын алқалы орган;"

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) тұрғын үйді жалдау (жалға алу) – тұрғын үйді немесе оның бір бөлігін жалдаушыға (жалға алушыға) ақы төлеп уақытша иеленуге және пайдалануға беру;"

мынадай мазмұндағы 38-1) тармақшамен толықтырылсын:

"38-1) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары - ұлттық институт мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтарын мемлекеттік қолдау үшін осы Заңда айқындалатын шаралар кешені;"

44-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"44-1) тұрғын үй сертификаты – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде және әлеуметтік көмек ретінде немесе бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау ретінде осы Заң шеңберінде бастапқы тұрғын үйді сатып алу кезінде ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша жарнаның бір бөлігін жабу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына берілетін жергілікті атқарушы органның ақшалай міндеттемесінің нысаны;"

мынадай мазмұндағы 44-4) тармақшамен толықтырылсын:

"44-4) "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасы – осы Заңда көзделген тәртіппен ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі есепке қойған тұрғын үйге мұқтаж азаматтар туралы мәліметтерді қамтитын база;"

3) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Республикасының тұрғын үй қорын мемлекеттік есепке алу

Қазақстан Республикасының тұрғын үй қорын мемлекеттік есепке алу, оның тиесілігіне қарамастан, уәкілетті орган белгілейтін тәртіппен Қазақстан Республикасы үшін бірыңғай жүйе бойынша жүзеге асырылады.";

4) 10-1-баптың 6-2) тармақшасы алып тасталсын;

5) 10-2-бапта:

10-1) тармақша алып тасталсын;

10-12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10-12) Қазақстан Республикасының тұрғын үй қорын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асырудың бірыңғай тәртібін әзірлейді және бекітеді;"

10-14) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-28), 10-29), 10-30), 10-31), 10-32), 10-33), 10-34) және 10-35) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-28) тұрғын үйге мұқтаждарды есепке қою және тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

10-29) мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғын үй кезегіне қою және оны беру тәртібін әзірлейді және бекітеді;

10-30) жұмыскерлерге ауылда, кентте, ауылдық округте тұрғын үйлер салған жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

10-31) ауылда, кентте, ауылдық округте жұмыскерлерге тұрғын үй салған жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялауды жүзеге асырады;

10-32) жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй құрылысы салынатын аудандарға тұрғын үй және инфрақұрылым салуын қаржыландыру, тұрғын үй қорын дамыту және ұлғайту қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

10-33) жалға берілетін жеке тұрғын үй нарығын дамыту және инвестициялық жобаларды квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы қаржыландыру жөніндегі шараларды іске асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

10-34) ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде есепте тұрған адамдарға жеке тұрғын үй қорынан жалға берілетін тұрғын үй үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялауды жүзеге асырады;

10-35) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде есепте тұрған адамдарға жеке тұрғын үй қорынан жалға берілетін тұрғын үй үшін жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау және жалдау ақысының мөлшерін айқындау тәртібін әзірлейді және бекітеді;"

б) мынадай мазмұндағы 10-7-баппен толықтырылсын:

"10-7-бап. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі

1. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлға болып табылады.

2. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі:

1) бірыңғай республикалық электрондық базасын жүргізуді, мониторингілеуді және өзектендіруді;

2) "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" базасында қалыптастыруды, жүргізуді , мониторингілеуді және өзектендіруді;

3) тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыруды жүзеге асырады."

7) мынадай мазмұндағы 10-8-баппен толықтырылсын:

"10-8-бап. Жеке тұрғын үй қорының жалға берілетін тұрғын үй нарығын дамыту жөніндегі шаралар және квазимемлекеттік сектор субъектілері арқылы инвестициялық жобаларды қаржыландыру

1. Бірыңғай тұрғын үй құрылысы операторы жалға берілетін тұрғын үй нарығын дамыту және тұрғын үй қорын ұлғайту мақсатында:

1) заңды тұлғалардың инвестициялық жобаларын қаржыландыруды жүзеге асыруға;

2) жеке тұрғын үй қорынан жылжымайтын мүлік объектілерін мүліктік жалдауды, (жалға алуды) осы объектілерді кейіннен мүліктік жалдауға (қосалқы жалға алуға) беруді жүзеге асырады;

3) меншікті жылжымайтын мүлік объектілерін, оның ішінде кейіннен сатып алу құқығымен мүлікті жалдауға (жалға алуға) береді;

2. Жеке тұрғын үй қорының жалға берілетін тұрғын үй нарығын дамыту және инвестициялық жобаларды қаржыландыру жөніндегі шараларды бірыңғай тұрғын үй құрылысы операторы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.";

8) мынадай мазмұндағы 10-9-баппен толықтырылсын:

"10-9-бап. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларына:

1) жергілікті атқарушы органдардың коммуналдық тұрғын үй қорынан сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй беру;

2) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйді жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау;

3) тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздарын беру;

4) тұрғын үй сертификаттарын беру жатады.";

9) 13-баптың 8-тармағы алып тасталсын;

10) 14-1-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен ипотекалық бағдарлама шеңберінде ипотекалық тұрғын үй қарызын пайдалана отырып, азаматтардың тұрғын үйді меншігіне сатып алу құқығын іске асыру үшін және осы Заңның шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын алған кезде жергілікті атқарушы органдар бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік көмек немесе әлеуметтік қолдау ретінде тұрғын үй сертификаттарын береді.";

11) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Тұрғын үй иесінің отбасы мүшелері

1. Үнемі бірге тұратын жұбайы (зайыбы), ерлі-зайыптылардың ортақ немесе біреуінің (оның ішінде асырауындағы немесе қорғаншылығындағы (қамқоршылығындағы) асырап алған) балалары тұрғын үй иесінің отбасы мүшелері болып танылады.

Жұбайының (зайыбының) ата-аналары, сондай-ақ осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, тұрғын үй иесімен бірге тұратын балалардың отбасылары тұрғын үй иесінің отбасы мүшелері деп өзара келісім бойынша ғана танылуы мүмкін.

2. Ерекше жағдайларда, егер тұрғын үйдің меншік иесімен үнемі бірге тұратын және онымен кемінде бес жыл ортақ шаруашылық жүргізген, басқа адамдардың да тұрғын үй иесінің отбасы мүшелері деп танылуы мүмкін. Еңбекке жарамсыз

асырауындағылар, егер олар тұрғын үй иесімен үнемі бірге тұратын болса, тұрғын үй иесінің отбасы мүшелері болып табылады.

3. Осы баптың ережелері жалдаушының (қосымша жалдаушының) отбасы мүшелеріне қолданылады.";

12) 23-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кейіннен жалға беру үшін тұрғын үйді жеке тұрғын үй қорынан жалға алуға құқылы.";

13) 29-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген негіз бойынша тұрғын үйге меншік құқығын мәжбүрлеп тоқтатқан кезде меншік иесіне осы Заңның 71-бабына сәйкес тұрғын үй беріледі.";

14) 32-бапта:

3-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы сайланған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде екінші деңгейдегі банкте немесе ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде:";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кондоминиум объектісін басқаруды пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері заңды тұлға құрмай өз бетінше жүзеге асырған жағдайда екінші деңгейдегі банктерде, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде шоттар ашуды жай серіктестіктің сенім білдірілген адамы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген, жай серіктестіктің сенім білдірілген адамына кондоминиум объектісі үйі кеңесінің мүшелері екінші деңгейдегі банктерде, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде шоттар ашуға уәкілеттік берген сенімхат негізінде жүзеге асырады. Жай серіктестіктің сенім білдірілген адамы ағымдағы және жинақ шоттарды осы Заңда айқындалған мақсаттарда ғана жай серіктестік шартына қол қойылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ашады.";

7-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Екінші деңгейдегі банк, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі жинақ шоттары бойынша әрбір пәтер, тұрғын емес үй-жай бойынша бөле отырып, ақшаның автоматтандырылған есепке алынуын жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің банктік және заңмен қорғалатын өзге құпияны ашу тәртібіне қойылатын талаптарын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен жинақ шоты бойынша ақпаратты тұрақты негізде орналастырады.";

15) 42-1-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасын, жай серіктестіктің сенім білдірілген адамын, үй кеңесінің мүшелерін сайлау, қайта сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтату";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жиналыс жылына бір реттен сиретпей өткізіледі. Үй кеңесінің, мүліктің меншік иесі төрағасының, жай серіктестіктің сенім білдірілген адамының бастамасы бойынша не ревизиялық комиссияның талап етуі бойынша, не пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кемінде он пайызының талап етуі бойынша, не тұрғын үй инспекциясының бастамасы бойынша жиналыс шақырылады немесе жазбаша сауалнама белгіленеді.

Жиналыстардың хаттамалары үй кеңесінде немесе жай серіктестіктің сенім білдірілген адамында сақталады. Жиналыс хаттамаларының көшірмелері пәтер, тұрғын емес үй-жай меншік иесінің талап етуі бойынша беріледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иесінің дауыс беруі пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың меншік иесін міндетті сәйкестендірумен ақпараттандыру объектілері, бейнеконференцбайланыс, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдер пайдаланыла отырып жүзеге асырылуы мүмкін.

Электрондық дауыс беру қорытындысы тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы тіркеледі.";

16) 42-2-бапта:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жиналыс үй кеңесінің, мүліктің меншік иесі төрағасының, жай серіктестіктің сенім білдірілген адамының бастамасы бойынша не ревизиялық комиссиясының талап етуі бойынша, не пәтер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кемінде он пайызының талап етуі бойынша, не тұрғын үй инспекциясының бастамасы бойынша жиналысты келу тәртібімен өткізбей, жазбаша сауалнама жүргізу арқылы өткізіледі.

2. Жазбаша сауалнама жүргізу жолымен жиналысты ұйымдастыру үшін пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелері қатарынан бастамашыл топ айқындалады.

3. Жазбаша сауалнама жиналыс жарияланған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде жүргізіледі.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Дауыс беру қорытындыларын шығару үй кеңесінің мүшелері, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар иелері арасынан бастамашыл топ, мүліктің меншік иелері бірлестігінің төрағасы немесе жай серіктестіктің сенім білдірілген адамы не басқарушы компанияның өкілі не көппәтерлі тұрғын үйді басқарушы (олар болған кезде) құрамында алқалы түрде жүзеге асырылады.";

17) 43-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мүлік иелері бірлестігінің төрағасы жиналыста пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар иелерінің қатарынан күнтізбелік бір жыл мерзімге сайланады. Мүлік иелері бірлестігінің төрағасы болып пәтер иесінің осы Заңның 21-бабының 1-тармағына сәйкес отбасы мүшесі болып табылатын, тұрған орны бойынша тіркелген және осы көппәтерлі тұрғын үйде тұрақты тұратын тұлға сайлана алады.";

7-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жиналыс және үй кеңесі қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып, өзге де ақпаратты жалпыға қолжетімді орындарға орналастыруды;

5) екінші деңгейдегі банктерде, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде ағымдағы және жинақ шоттарын ашуды;"

18) 43-1-бапта:

2-тармақта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері өз құрамынан бірлескен қызмет туралы жай серіктестік шартының және жиналыс хаттамасының негізінде әрекет ететін бірлескен қызметке басшылық жасау үшін сенім білдірілген адамды айқындай алады. Жай серіктестіктің сенім білдірілген адамы болып пәтер иесінің осы Заңның 21-бабының 1-тармағына сәйкес отбасы мүшесі болып табылатын, тұрған орны бойынша тіркелген және осы көппәтерлі тұрғын үйде тұрақты тұратын тұлға сайлана алады.";

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жиналыс және үй кеңесі қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып, өзге де ақпаратты жалпыға қолжетімді орындарға орналастыруды;

4) екінші деңгейдегі банктерде, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде ағымдағы және жинақ шоттарын ашуды;"

19) 47-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы кооператив мүшелерінің не олардың сенім білдірілген адамдарының кемінде елу пайызы болған кезде заңды болады.";

20) 48-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) жиналыс және үй кеңесі қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып, өзге де ақпаратты жалпыға қолжетімді орындарға орналастыруды жүзеге асырады;"

21) 50-3-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге ақша жинақтау үшін мүлік иелері бірлестігінің төрағасы не жай серіктестіктің сенім білдірілген адамы уәкілетті орган белгілеген кредиттік рейтинг деңгейі және меншікті капиталдың ең төменгі мәні жөніндегі талаптарға сәйкес келетін ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде, екінші деңгейдегі банктердің бірінде жинақ шотын ашады.

2. Мүліктің меншік иелерінің бірлестіктеріне немесе жай серіктестіктерге кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатына берілетін тұрғын үй қарыздары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде, екінші деңгейдегі банктер айқындаған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерімен, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде, екінші деңгейдегі банктердің ішкі құжаттарымен және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың/әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың кепілдігімен қамтамасыз етіледі.";

3-тармақтың бірінші абзацы алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеуді жүргізу үшін мердігер ұйымды таңдауды үй кеңесі жүзеге асырады. Үй кеңесі кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған ақшаның нысаналы жұмсалуын мониторингілеуді жүзеге асырады. Осы Заңның 32-бабына сәйкес жинақ шоттары ашылған екінші деңгейдегі банктер, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге берілген тұрғын үй қарызының нысаналы пайдаланылуына жауапты болады.";

22) 67-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"67-бап. Мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғын үйді есепке алу және беру тәртібі

1. Мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттік мекемелер тұрғын үйге мұқтаж қызметкерлердің кезектілік тізімдерін жүргізеді және тұрғын үй алған адамдардың тізімдерін олардың кезектілігін көрсете отырып, өздерінің интернет-ресурстарында жариялайды.

Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйлерден басқа, мемлекеттік қызметшілерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, ғарышкерлікке кандидаттарға, ғарышкерлерге, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдарға берілетін мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлер қызметтік тұрғын үйлерге теңестіріледі.

2. Мемлекеттік кәсіпорындардың тұрғын үй қорынан тұрғын үйлер осы кәсіпорындардың қызметкерлерінің пайдалануына беріледі және қызметтік тұрғын үйлерге теңестіріледі.

3. Осы баптың 4, 5, 6 және 7-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан тұрғын үйлер, осы мекеменің осы елді мекендегі тұрғын үйге мұқтаж қызметкерлерінің пайдалануына беріледі.

Мемлекеттік мекемелер беретін тұрғын үйлер қызметтік болып табылады.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру мақсатында құрылған мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан тұрғын үйлер осы елді мекенде тұратынына қарамастан, Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын қандастарға да беріледі.

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру мақсатында құрылған мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан Қазақстан Республикасының азаматтарына және Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысатын қандастарға тұрғын үй берудің міндетті шарты олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда, жаңа тұрғылықты жері бойынша меншік құқығында тұрғын үйдің болмауы болып табылады.

4. Мемлекеттік мекемелердің тұрғын үй қорынан тұрғын үйлер Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының, Парламенті палаталарының, Премьер-Министрінің және Үкіметінің қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың осы елді мекендегі тұрғын үйге мұқтаж және оқшауланған мүлікті оралымды басқару құқығы жоқ мемлекеттік қызметшілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де тұлғалардың пайдалануына беріледі.

5. Ведомстволық тұрғын үй қорынан тұрғын үйлер лауазымға ротациялау тәртібімен тағайындалған, осы елді мекендегі тұрғын үйге мұқтаж мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттерін атқару кезеңіне пайдалануға беріледі.

6. Осы елді мекендегі ұлттық қауіпсіздік органдары және ішкі істер органдары мемлекеттік мекемелерінің тұрғын үй қорының жатақханаларындағы қызметтік тұрғын үйлер тұрғын үйге мұқтаж деп танылған және тиісінше ұлттық қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдарының кадрларында тұрған адамдарға қызмет өткеру кезеңіне беріледі.

7. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын үй қорын есепке алу және күтіп-ұстау саласындағы коммуналдық мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғын үйлер осы елді мекендегі тұрғын үйге мұқтаж мемлекеттік қызметшілердің және бюджеттік ұйымдар қызметкерлерінің пайдалануына беріледі.";

23) 69-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"69-бап. Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғын үйге мұқтаж деп тану

1. Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматтары, егер:

1) "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына есепке қойған кезде Қазақстан Республикасының аумағында олардың соңғы он жыл ішінде меншік құқығында тұрғын үйі болмаса;

2) есепке қойған кезде және тұрғын үйді берген кезде коммуналдық тұрғын үй қорынан немесе мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан олардың Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғын үйі болмаса;

3) есепке қойған кезде және мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғын үй берген кезде олардың осы елді мекенде меншік құқығында тұрғын үйі болмаса;

4) өздеріне сатып алу құқығынсыз немесе жеке тұрғын үй қорынан пайдалануға жалға берілетін тұрғын үйі болса;

5) есепке алуды осы тұрғын үйдің орналасқан жері бойынша жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен авариялық деп танылса, тұрғын үйге мұқтаж деп танылады.

Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй алған жалдаушының отбасы мүшелері тұрғын үйді жалдаушы сияқты негіздер бойынша коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж деп таныла алмайды.

Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары меншік құқығындағы авариялық тұрғын үйді Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес коммуналдық меншікке береді.

2. Кәмелетке толған жасқа жету туралы талап мынадай азаматтарға:

1) мүгедектігі бар балаларға;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аурулар тізімінде санамаланған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын балаларға;

3) кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолданылмайды. Мұндай адамдар әскери қызметке шақырылған кезде жасы мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады.";

24) 71 және 72-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"71-бап. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою тәртібі

1. Осы Заңның 69-бабына сәйкес тұрғын үйге мұқтаж деп танылған және мемлекеттік қолдау шарасы ұсынылуы мүмкін Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке қоюды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұрғын үйге мұқтаждарды есепке қою және уәкілетті органдар бекітетін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну

тәртібіне сәйкес ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі осы елді мекенде тіркелген жері бойынша жүзеге асырады.

Тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды республикалық бірыңғай электрондық базаға есепке қою жүргізілмейді.

2. Осы Заңның 69-бабының 2-тармағында аталған адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарын республикалық маңызы бар қалаларда, астанада есепке қою үшін осы қалаларда кемінде үш жыл тұрақты тіркелуі талап етіледі.

3. Жетім балалардың, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың заңды өкілдері жетім балалар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар білім беру ұйымына, медициналық немесе басқа да ұйымға келіп түскен күннен бастап немесе осындай балалар қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа алынған күннен бастап не патронат тәрбиешімен шарт жасалған күннен бастап үш ай ішінде баланы есепке қоюға міндетті.

Жетім балаларды және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды есепке қою облыс шегінде үш реттен асырмай жүзеге асырылады.

Жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды облыс шегінен тыс жерлерге есепке қою осы баптың 1, 2-тармақтарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар болып қайта ұйымдастырылған жағдайда " бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері" санаты бойынша тұрғын үйге мұқтаждардың есебінде тұрған Қазақстан Республикасының азаматтары бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне теңестіріледі.

5. Азаматтарды "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" базасына есепке қоюға:

1) республикалық бірыңғай электрондық базада тұрғандарға;

2) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй беру үшін негіздері жоқ, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алу нәтижесінде алып тасталғандарға;

3) жер учаскесін алған және өз тұрғын үйінің құрылысын аяқтаған немесе тұрғын үй сатып алғандарға жол берілмейді.

6. Тізімдегі кезектілікті түгендеу ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің интернет ресурсында өзектендірілген етілген тізімдерді жариялай отырып, тоқсанына кемінде 1 (бір) рет жүргізіледі.

72-бап. Есепке қоюдан бас тарту үшін негіздер

Қазақстан Республикасының азаматтарын, егер:

1) "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" базасына есепке қойған кезде олардың соңғы он жыл ішінде Қазақстан Республикасының аумағында меншік құқығында тұрғын үйлері болған немесе бұрын болған;

2) есепке қою кезінде және мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғын үй берген кезде олардың Қазақстан Республикасында меншік құқығында тұрғын үйлерді болған;

3) есепке қою кезінде және мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғынжай беру кезінде олардың Қазақстан Республикасында меншік құқығында тұрғын үйлерді болған;

4) олардың коммуналдық тұрғын үй қорынан сатып алу құқығы мен жалға алған тұрғын үйі болған;

5) Қазақстан Республикасының азаматы берген, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер анықталған жағдайларда есепке қоюдан бас тартылады.";

25) 73-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"73-бап. Тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есептен шығару негіздері";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есептен шығару:

1) Заңның 69-бабына сәйкес тұрғын үйге мұқтаждығын растау болмаған;

2) Қазақстан Республикасының басқа елді мекеніне тұрақты тұруға кеткен немесе мемлекеттік кәсіпорында немесе мемлекеттік мекемеде еңбек қатынастарын тоқтатқан;

3) тұрғын үйге мұқтаждығы туралы шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер табыс етілген;

4) жер учаскесін алған және өз тұрғын үйін салуды аяқтаған немесе тұрғын үй сатып алған жағдайларда жүзеге асыралады.

Осы Заңның 69-бабына сәйкес тұрғын үйге мұқтаж деп танылған, тұрғын үй алғанға дейін осы Заңда белгіленген тәртіппен есептен шығаруға:

1) жетім балалар және кәмелетке толғаннан кейін ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар,

2) мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар, кәмелетке толғаннан кейін не олар қайтыс болғаннан кейін;

3) көп балалы отбасылар, балалары кәмелетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін;

4) толық емес отбасылар, балалары кәмелетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын өңірлерге қоныс аударған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтығын алған қандастар жатпайды.";

26) 74-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"74-бап. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру тәртібі

1. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру кірістері мен уәкілетті орган бекітетін тәртіпке сәйкес есепке қойылған күні

ескеріле отырып, республикалық бірыңғай базада есепте тұрған азаматтар үшін жүзеге асырылады.

Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үйді жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау түріндегі мемлекеттік қолдау шарасы Заңның 68-бабының 1-2), 2), 3), 4), 6 ) және 9) тармақшаларда көзделген санаттарға сәйкес келген жағдайда "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында есепте тұрған азаматтарға да қолданылады.

2. "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында есепте тұрған азаматтарға тұрғын үй құрылысы жинақтары жүйесі арқылы жеңілдікті ипотекалық тұрғын үй қарыздары түріндегі мемлекеттік қолдау шарасын іске асыру кірістер мен уәкілетті орган бекітетін тәртіпке сәйкес балдық жүйе ескеріле отырып ұсынылады.

Осы Заңның 68-бабында көзделген санаттарға сәйкес келетін азаматтарға уәкілетті орган бекітетін тәртіпке сәйкес қосымша балдар есептелетін болады.

3. Мемлекеттік қолдау шараларын айқындау кезінде кіріске әлеуметтік төлемдер, білім беру ұйымдарында, жетім балалар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар алатын мемлекеттік стипендиялар енгізілмейді.

4. Республикалық маңызы бар қалаларда, астанада мемлекеттік қолдау шарасын алу үшін, осы Заңның 69-бабының 2-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының осы қалаларда кемінде үш жыл тұрақты тіркелгенін растау талап етіледі.

5. Бірыңғай республикалық электрондық базада және "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасында тұратын және осы Заңның 68-бабының 10) тармақшасында айқындалған санатқа жататын азаматтарды тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органдар бір жылдан кешіктірмей тұрғын үймен қамтамасыз етеді.

6. Мемлекеттік қолдау шарасын ұсыну туралы шешімді уәкілетті орган бекітетін тәртіпке сәйкес ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі қабылдайды.";

27) 75-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"75-бап. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жергілікті атқарушы орган және/немесе тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы жеке тұрғын үй қорынан жалдаған тұрғын үй беру нормасы";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен аурулар тізімінде санамаланған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын азаматтарға, сондай-ақ мүгедек балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасыларға жеке қосымша бөлме беріледі. Көрсетілген қосымша алаң артық деп есептелмейді.";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Осы баптың 5-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтардың меншік құқығындағы тұрғын үйлердің тұрғын үйге мұқтаждығын анықтау мақсатында олардың жеткілікті болуын бағалау үшін осы бапта белгіленген тұрғын үй алаңының нормалары қолданылмайды.";

28) 76-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"76-бап. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерге немесе жергілікті атқарушы орган және/немесе Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы жеке тұрғын үй қорынан жалдаған тұрғын үйлерге қойылатын талаптар";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мүгедектерге, сондай-ақ мүгедек балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасыларға, қарттарға, жүрек-қан тамырлары және басқа да ауыр аурулармен ауыратын адамдарға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жергілікті атқарушы орган және/немесе Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы жеке тұрғын үй қорынан жалдаған тұрғын үй олардың тілегі ескеріле отырып, төменгі қабаттардан немесе лифтілері бар тұрғын үйлерден, ал тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектерге екіншіден жоғары емес қабаттан беріледі.";

29) 77-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"77-бап. Мемлекеттік мекемелердің немесе мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй беру туралы шешімі

1. Мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй қорынан тұрғын үй мемлекеттік кәсіпорынның тұрғын үй комиссиясының тұрғын үй беру туралы шешімінің және үш данада жасалатын тұрғын үйді жалдау шартының негізінде беріледі. Тұрғын үйді жалдау шартының бір данасы мемлекеттік кәсіпорынның әкімшілігінде сақталады, екіншісі жергілікті атқарушы органға беріледі, ол қатаң есептілік құжаты ретінде сақталады, үшіншісі өтініш берушіге беріледі және тұрғын үйде тұру құқығын беретін жалғыз құжат болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің тұрғын үй қорынан тұрғын үй мемлекеттік мекеменің тұрғын үй комиссиясының тұрғын үй беру туралы шешімінің және үш данада жасалатын тұрғын үйді жалдау шартының негізінде беріледі. Тұрғын үйді жалдау шартының бір данасы мемлекеттік мекеменің әкімшілігінде сақталады, екіншісі жергілікті атқарушы органға беріледі, ол қатаң есептілік құжаты ретінде сақталады, үшіншісі өтініш берушіге беріледі және тұрғын үйде тұру құқығын беретін жалғыз құжат болып табылады.

3. Осы Заңның 67-бабының 4-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар тұрғын үй беретін органға тұрғын үйге мұқтаждардың тұрғын үй комиссиясы бекіткен тізімдерін жібереді. Тұрғын үй беретін мемлекеттік органның тұрғын үй комиссиясының шешімі тұрғын үйге мұқтаждардың табыс етілген тізімдері негізінде қабылданады.

4. Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың мемлекеттік мекемелерінің тұрғын үй қорынан қызметтік тұрғын үй тұрғын үй беру туралы тұрғын үй комиссиясының шешімі негізінде беріледі.

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың тұрғын үй комиссиялары қызметінің тәртібін уәкілетті мемлекеттік органның басшысы айқындайды.";

30) 78-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"78-бап. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсынудың жариялылығы мен ашықтығы

Ұлттық институт мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде есепте тұрған азаматтардың тізімдері және мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде соңғы жиырма төрт айда тұрғын үй алған азаматтардың тізімдері танысу үшін осы тізімдерде тұрған адамдардың талап етуі бойынша беріледі және ай сайын ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің интернет-ресурсында жарияланады.

Мұндай тізімдердің нысандары міндетті түрде отбасының құрамы, есепке қойылған уақыты, мемлекеттік қолдау шарасын алу негіздері, оның түрі, мөлшері және берілген уақыты туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.";

31) 80-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"80-бап. Тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шарты";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үйді жалдаудың (қосымша жалдаудың) типтік шартын уәкілетті орган бекітеді.";

32) 90-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді немесе уақытша болмаған жалдаушыға тиесілі жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдалану";

1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Егер мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйде немесе жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалдаған тұрғын үйде, осы Заңның 85 және 86-баптарына сәйкес тұрғын үй сақталатын уақытша болмаған жалға алушының отбасы мүшелері тұрмаса, жалға алушы уақытша тұрғындарды қосымша жалдау шарты бойынша сақталатын тұрғын үйді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жалға берушіні жазбаша хабардар ете отырып, тұрғын үйді сақтау мерзіміне қоныстандыруға құқылы.";

33) 95-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"95-бап. Отбасының басқа да мүшесін жалға алушы (қосымша жалға алушы) деп тану салдарынан шарттың өзгертілуі

Жалға алу (қосымша жалға алу) шартында көрсетілген жалға алушының (қосымша жалға алушының) отбасының кәмелетке толған мүшесі жалға алушының (қосымша жалға алушының) және отбасының қалған кәмелетке толған мүшелерінің келісімімен жалға берушіден бастапқы жалға алушының (қосымша жалға алушының) орнына бұрын жасалған жалға алу (қосымша жалға алу) шарты бойынша оны жалға алушы (қосымша жалға алушы) деп тануды талап ете алады. Жалға алушы (қосымша жалға алушы) қайтыс болған (қаза тапқан) жағдайда, осындай құқық қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасының кәмелетке толған мүшесіне жалға алу (қосымша жалға алу) шартында көрсетілген кез келген мүшеге тиесілі болады.

Жалға алушының (қосымша жалға алушының) ауысуы мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді жалға алу (қосымша жалға алу) шартын қайта ресімдеуге әкеп соғады.";

34) 97-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"97-бап. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді және жергілікті атқарушы орган және/немесе Тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторы жеке тұрғын үй қорынан жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы және аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетуі";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі республикалық бірыңғай электрондық базаға және "Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы" электрондық базасына енгізілген азаматтардың жалдау ақысын субсидиялауды жүргізеді.

Азаматтар үшін жалдау ақысын субсидиялау уәкілетті орган бекіткен тәртіпке сәйкес кірістер ескеріле отырып айқындалады.

Бұл ретте табысына жетім балалар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар білім беру ұйымдарынан алатын әлеуметтік төлемдер, мемлекеттік стипендиялар кіріске енгізілмейді.

Жеке тұрғын үй қорындағы тұрғын үй үшін жалдау ақысын субсидиялау республикалық бірыңғай электрондық базасында тұрған азаматтардың барлық санаттары үшін жүзеге асырылатын болады.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығында тұрған азаматтарға жеке тұрғын үй қорындағы тұрғын үй үшін жалдау ақысын субсидиялау Заңның 68-бабының 1-2), 2), 3), 4), 6) және 9) тармақшаларында көзделген азаматтар санаттары үшін ғана жүзеге асырылатын болады.

Жергілікті атқарушы орган салған жалға берілетін тұрғын үйде тұратын кезекте тұрғандардың жалға алу төлемдері субсидиялауға жатпайды.";

35) 101-1-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағының бесінші бөлігінде көзделген ерекше тәртіппен жүзеге асырылатын тұрғын үй төлемдерін қоспағанда, тұрғын үй төлемдері арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшесі қызметкерінің таңдауы бойынша ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде немесе екінші деңгейдегі банктердің бірінде ашылған оның жеке арнайы шотына аудару арқылы ай сайынғы негізде жүргізіледі.";

36) 101-2-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы баптың 1-тармағының төртінші бөлігінде көзделген ерекше тәртіппен жүзеге асырылатын тұрғын үй төлемдерін қоспағанда, тұрғын үй төлемдері әскери қызметшінің таңдауы бойынша ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде немесе екінші деңгейдегі банктердің бірінде ашылған оның жеке арнайы шотына аудару арқылы ай сайынғы негізде жүргізіледі.";

37) 101-6-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) арнаулы мемлекеттік органның, ішкі істер органының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның немесе Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар мемлекеттік мекемесінің және жеке арнайы шот ашылған банктің келісімімен тұрғын үй төлемдерінің пайдаланылмаған сомасын екінші деңгейдегі бір банктен, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде басқасына олардың нысаналы мақсатын өзгертпестен аударуға құқылы."

38) 101-7-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) арнаулы мемлекеттік орган, арнаулы мемлекеттік органның қызметкері, ішкі істер органы, ішкі істер органының қызметкері арасында, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшесінің қызметкері немесе Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың мемлекеттік мекемесі, әскери қызметші және арнаулы мемлекеттік орган, ішкі істер органы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның жедел-тергеу бөлімшесі қызметкерінің немесе әскери қызметшінің жеке арнайы шоты ашылған екінші деңгейдегі банк немесе ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі арасында жасалатын шартқа сәйкес оларды осы Заңның 101-5-бабында көзделген мақсаттарға жұмсауға міндетті.";

39) 101-11-баптың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй төлемдері ішкі істер органы қызметкерінің таңдауы бойынша екінші деңгейдегі банктердің бірінде немесе ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй

құрылысы жинақ банкінде ашылған оның жеке арнайы шотына аудару арқылы ай сайынғы негізде жүргізіледі.";

40) 107-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"107-бап. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйден басқа тұрғын үй берілмей шығарудың негіздері

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйден, егер:

1) жалға алушы (қосымша жалға алушы), оның отбасы мүшелері тұрғын үйді жүйелі түрде бұзса немесе бүлдірсе;

2) жалға алушы (қосымша жалға алушы), оның отбасы мүшелері тұру (болу) шарттарын ұдайы бұза отырып, басқа адамдар үшін олармен бір тұрғын үйде немесе бір көппәтерлі тұрғын үйде тұруға мүмкіндік бермесе;

3) жалға алушы (қосымша жалға алушы), оның отбасы мүшелері дәлелді себептерсіз тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы енгізуден қатарынан алты ай бойы жалтарса;

4) адамдар ата-ана құқығынан айырылған болса және олардың ата-ана құқықтарынан айырылуына байланысты балаларымен бірге тұруы мүмкін емес деп танылса;

5) адам тұрғын үйге өздігінен басып кіріп алса;

6) тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шарты осы Заңның 108-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп танылса;

7) мұрагерлік, сыйға тарту тәртібімен тұрғын үйді меншікке сатып алуды қоспағанда, жалға алушы (қосымша жалға алушы), жалға алушының (қосымша жалға алушының) жұбайы (зайыбы) Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жеріне қарамастан, меншік құқығымен тұрғын үйді сатып алса, басқа тұрғын үй берілмей шығаруға;

Егер сыйға тарту тәртібімен алынған тұрғын үй тұрақты тұратын жерінде болса және отбасының әрбір мүшесіне шаққанда тұрғын үйдің ең аз алаңы туралы талаптарды ескере отырып, азаматтың тұрғын үй жағдайын едәуір жақсартса, жалдаушы (қосымша жалдаушы), жалдаушының (қосымша жалдаушының) жұбайы (зайыбы) 12 (он екі) ай ішінде көрсетілген тұрғын үйді иеліктен шығаруға не мемлекеттік тұрғын үй қорынан алынған тұрғын үйді қайтаруға міндетті;

8) осы Заңның 111 (101-бабының 3-тармағында, 109-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда) және 114-баптарында көзделген негіздер туындаса;

9) осы Заңның 85 және 86-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жалға алушы (қосымша жалға алушы) тұрғын үйді жалдау (қосымша жалдау) шартын жаңа мерзімге қайта жасасу туралы жергілікті атқарушы органнан хабарлама алған күннен бастап үш ай ішінде жалтарса, басқа тұрғын үй берілмей шығаруға жол беріледі."

9. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына

:

54-баптың 3-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымайтын мүлікпен мәміле бойынша есеп айырысуды қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырған кезде тараптардың келісімімен нотариус мәмілені қамтамасыз ету мақсатында банктік шот ашылған екінші деңгейдегі банкке, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне немесе Ұлттық пошта операторына мәмілені куәландыру туралы мәліметтерді, сондай-ақ тіркеуші органның жылжымайтын мүлікке құқықтарға жүргізілген тіркеу туралы не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе оны тоқтата тұру туралы ақпаратты бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе арқылы береді."

10. "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы" 2000 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы:

1) 2-бапта:

4), 5), 6) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жинақталған ақша сомасы – салымшының, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтары салымшысының іс жүзінде өздерінің салымдарынан, оларға тұрғын үй құрылысы жинақ банкі есептеген сыйақылардан және осы Заңның 10-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген мемлекет сыйлықақысын есептеу жөніндегі шектеулерді ескере отырып, мемлекет сыйлықақыларынан тұратын іс жүзінде жинақталған ақша;

5) жинақталған ақшаның ең төменгі қажетті мөлшері – тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы немесе тұрғын үй қарызын алу үшін кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтау туралы шарттарда айқындалған ақша;

6) жинақтау мерзімі – салымшы, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшысы тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасын жинақтауды жүргізетін уақыт кезеңі;

7) қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі – салымшы, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшысы, тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін және банктік қарызды күрделі жөндеуге қаражат жинақтау туралы шарттар бойынша төлейтін және тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне тиесілі ақшаның жылдық мөлшері есебінен негізгі борышқа пайыздық мәнде тұрғын үй құрылысы жинақ банкі берген қарыз үшін пайыздық мөлшерлеме;"

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) кепілдік өтем – ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің салымшысына осы Заңға сәйкес мемлекет төлеуге тиіс ақша сомасы.";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) комиссиялық алым – тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтау туралы шарттар жасасу бойынша көрсетілетін қызметтері үшін тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне салымшы, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшысы төлейтін ақша;"

мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

"8-2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтау туралы шарт – кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшысы мен тұрғын үй құрылысы жинақ банкі арасында жасалатын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтау туралы шарт;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі – тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің ішкі құжаттарына сәйкес жыл қорытындысы бойынша тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтау туралы шарт бойынша салымның нақты жинақталған қалдығына тұрғын үй құрылысы жинақ банкі есептейтін пайыздық мөлшерлеме;"

13) және 14) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"13) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы – салымшылар, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшылары осы Заңның 10-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде көзделген мемлекеттің сыйлықақысын есептеу жөніндегі шектеулерді ескере отырып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу мақсатында салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі және мемлекет сыйлықақысы есептелген тұрғын үй қарызын алу үшін тұрғын үй құрылысы жинақ банкітерінде жинақтаған ақша;

14) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесі – осы Заңға және тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтау туралы шарттардың талаптарына сәйкес тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына осы Заңның 10-бабы 1-тармағының екінші бөлігін қоспағанда, салымшыларының кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшылары ақшасын тартуға, оларға есептелген мемлекет сыйлықақыларына және оларға тұрғын үй қарыздарын беруге негізделген тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды қаржыландырудың түйықталған жүйесі;"

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"16) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салым (депозит) – салымшы, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшысы немесе үшінші тұлғалар салымшының, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтары

салымшысының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтау туралы шарттардың талаптарына сәйкес тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде ашылған шотына салатын ақша;"

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) шарттық сома – тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін салымшыға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшысына қажетті, тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы мен тұрғын үй заемынан тұратын ақша сомасы;"

2) 3-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үй құрылысы жинақ банктері, салымшылар, осы банктердің кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшылары және ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі салымшыларының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы бойынша республикалық бюджеттен мемлекет сыйлықақысын төлеуді және кепілдік беруді қамтамасыз ететін мемлекет тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы жүйесінің субъектілері болып табылады.";

3 және 3-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салымшы әрбір тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салым бойынша бірнеше шотқа ие болуға құқылы. Бұл ретте мемлекет сыйлықақысы салымшының таңдауы бойынша бір тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі бір шотына ғана есепке жазылады.

3-1. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшысы бір-біріне жақын орналасқан көппәтерлі тұрғын үйлердің бірыңғай іргетасы және/немесе инженерлік жүйелері үйге ортақ болған жағдайларды қоспағанда, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде екінші деңгейдегі банктердің кез келгенінде бір ғана жинақ шотын ашады, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшысы көппәтерлі әрбір тұрғын үйге жеке жинақ шотын ашады.";

мынадай мазмұндағы 3-2-тармақпен толықтырылсын:

"3-2. Шарттық соманың ең төменгі мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бес жүз айлық есептік көрсеткіштен кем болмауға тиіс.";

5-тармақтың бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесінің және қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы немесе

кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтау туралы шарттар жасалған кезде белгіленеді және шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде тұрақты күйінде қалады.

Салымшы, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшысы өз бастамасы бойынша бір тарифтік бағдарламадан басқасына ауысқан кезде салым бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтау туралы шарт қолданылатын барлық мерзім ішінде тұрғын үй құрылысы жинақ банкі айқындаған талаптармен өзгертілуі мүмкін.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Салымшының, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтары салымшысының Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде және "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтау туралы шартты мерзімінен бұрын бұзуға және тұрғын үй құрылысы жинақ банкі оған есептеген сыйақыны алуға құқығы бар. Бұл ретте салымшының тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы шартта белгіленген талаптарда салым үш жылдан астам уақыт жинақталған кезде мемлекет сыйлықақысын алуға құқығы бар.";

3) 4-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның осы Заңның 5-бабында көзделген қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар банк, сондай-ақ халық арасында тұрғын үйді есепке алуды, есепке қоюды және бөлуді жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыруға уәкілетті ұлттық даму институты мәртебесіне ие банк.

Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкін қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысуға міндетті.";

3-тармақ мынадай мазмұнда жазылсын:

"3. Тұрғын үй құрылысы жинақ банктерін, сондай-ақ ұлттық даму мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкін құру, олардың жұмыс істеу және қызметін тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.";

мынадай редакциядағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдардың қызметін реттейтін заңнамасы ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне қатысты осы Заңмен реттелмеген бөлігінде қолданылады.

Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне "Қазақстан Республикасы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31, 31-1, 32, 34, 34-1, 35, 36, 36-1, 37, 38, 39, 50-баптары қолданылады.";

4) мынадай мазмұндағы 4-1-баппен толықтырылсын:

"4-1-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкімен өзара қатынасы

1. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктері шегінде ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің Қазақстан Республикасының көрсетілген қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша банк қызметін реттейтін заңнамасын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл және терроризмді қаржыландыру туралы, төлемдер мен төлем жүйелері туралы, кредиттік бюролар және банктерге қолданылатын бөлігінде кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасын орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өкілеттіктер шегінде даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері жөніндегі заңнаманы орындауын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады.

Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі мыналарды:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қаржылық және өзге де есептілікті;

кез келген сұратылған ақпарат, оның ішінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сұрау салуы бойынша қызметтік, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді беруге міндетті.

2. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган реттеу өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды анықтаған жағдайларда, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шараларды қолданады.

Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органды осы ұйымдардан белгіленген мерзімде шаралардың орындалғаны туралы хабардар етуге міндетті.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету мақсаттары үшін ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің қаржылық орнықтылығының параметрлерін (коэффициенттерін), олардың шекті мәндерін және есептеу әдістемесін айқындайды.

Қаржылық тұрақтылық параметрлерінің (коэффициенттерінің) нашарлау жағына қарай күтілетін өзгеруі және параметрлердің (коэффициенттердің) кем дегенде біреуі бойынша шекті мәндерге жеткен кезде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген рәсімдерге сәйкес ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің жарғылық капиталы ұлғайтылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің қызметіне мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының кез келген нысанда араласуына тыйым салынады.";

5) 5-бапта:

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі осы баптың 1-тармағында, 2-тармағы бірінші бөлігінің 1), 2), 4), 6-1) және 7) тармақшаларында көрсетілген, сондай-ақ қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясынсыз, жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке алу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу және жүргізу қызметі түрлерін жүзеге асырады.

Осы баптың 2-тармағының б) тармақшасында көзделген операцияны уәкілетті органның лицензиясынсыз ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі алушының шетелдік медициналық ұйымға емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомасын аудару кезінде қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен айырбастау операциялары бөлігінде жүзеге асырады.

Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі сенім білдірушінің мүддесінде және тапсырмасы бойынша тұрғын үй сертификаттарын, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұру үшін келген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну бөлігінде ақшаны басқару жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға құқылы.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі, оның ішінде ұлттық даму институты мәртебесіне ие банк екінші деңгейдегі банктер үшін Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген лицензияның болуын талап етпейтін қызмет түрлерімен айналысуға құқылы.";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі өзі үшін "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қызмет түрлерімен де айналысуға құқылы.";

б) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтары туралы шарттардың мазмұнына қойылатын талаптар

Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтары туралы шарттар:

- 1) шарттың нысанасын;
- 2) шарттық соманы;
- 3) жинақталған ақшаның ең аз қажетті мөлшерін;
- 4) салым бойынша сыйақы мөлшерлемесінің және қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерлерін;
- 5) комиссиялық алымның мөлшерін;
- 6) тараптардың құқықтары мен міндеттерін;
- 7) тараптардың міндеттемелерді орындау мерзімдерін;
- 8) тұрғын үй қарызын беру шарттарын;
- 9) шартты өзгерту талаптары мен бұзу тәртібін;
- 10) тараптардың жауапкершілігін;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де шарттарды қамтуға тиіс.";

7) 7-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі салымшылар, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшылары алдындағы оларға шарттық соманы немесе жинақталған ақша сомасын беру жөніндегі міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында қаржы нарығында қарыз қаражатын тартуға құқылы.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі алдын ала тұрғын үй заемдарын берген кезде қаржы нарығында, оның ішінде заңды тұлғалардан қарыз қаражатын тартуға құқылы.";

8) 8-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үй құрылысы жинақ банктері тартқан ақшаны бірінші кезекте тұрғын үй құрылысы жинақ банктері тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы туралы немесе кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтары туралы жасалған шарттар негізінде жүргізген салымшылар, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшылары арасында ақшаны бөлуге сәйкес шарттық сомаларды төлеуге жұмсалады."

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жинақтау мерзімі аяқталған кезде және салымшы, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат салымшысы жинақталған ақшаның ең аз қажетті мөлшерін жинақтамаған жағдайда, олардың салымды, тұрғын үй құрылысы жинақ банкі оған есептеген сыйақыны, сондай-ақ үш жылдан астам салым жинақталған кезде мемлекет сыйлықақысын алуға не осы Заңның 10-бабы 1-тармағының екінші бөлігінде, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мемлекет сыйлықақысын есептеу жөніндегі шектеулерді ескере отырып, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтары салымшысының тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасымен иелік етуі бөлігінде мемлекеттің сыйлықақысын есептей отырып, тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде жинақтауды жалғастыруға құқығы бар.";

9) 9-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарының салымшыларына тұрғын үй қарыздары жергілікті атқарушы органдардың/әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың кепілдігімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғын үй құрылысы жинақ банкі айқындаған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерімен қамтамасыз етіледі.";

10) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

"9-1-бап. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің үлестес тұлғалары

1. Ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің үлестес тұлғалары "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабында айқындалған тұлғалар болып табылады.

Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына сәйкес ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің үлестес тұлғаларын айқындау үшін ұлттық басқарушы холдингте банктің ірі акционері белгісінің болуы негіз болып табылмайды.

2. Егер осы бапта өзгеше белгіленбесе, ұлттық даму институты мәртебесіне ие, ірі акционері ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің үлестес тұлғалары ұлттық басқарушы холдинг не дауыс беретін

акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ұлттық басқарушы холдингке тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтің және жоғарыда аталған заңды тұлғалардың лауазымды адамдары болып табылмайды.

3. Банкті ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне қатысты үлестес деп тану үшін осы банктер акционерлерінің құрамында ұлттық басқарушы холдингтің болуы негіз болып табылмайды. 1-тармақтың екінші бөлігінің, сондай-ақ осы баптың 2-тармағының ережелері Қазақстан Республикасының салық заңнамасының және Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасының мақсаттары үшін ескерілмейді.";

11) мынадай мазмұндағы 11-1 және 11-2-баптарпен толықтырылсын:

"11-1-бап. Кепілді өтем

1. Мемлекет ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің салымшыларына тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы бойынша қалдық сомасында, бірақ он миллион теңгеден аспайтын кепілді өтем төлейді.

Салымшыда тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына бірнеше салым болған кезде он миллион теңгеден аспайтын сомада жиынтық кепілді өтем төленеді.

2. Егер ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі салымшыға қатысты кредитор ретінде әрекет еткен болса, кепілді өтем мөлшері кепілді тұрғын үй құрылысы жинақтарының сомасын және қарсы талаптар сомасын есепке жатқызу нәтижесінде пайда болған айырма сомасын негізге ала отырып, тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күні немесе акционерлердің жалпы жиналысының тарату туралы шешімі қабылданған күні айқындалады.

3. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы бойынша кепілді өтемді төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен жүргізіледі.

11-2-бап. Кепілді өтемді төлеу тәртібі

1. Салымшыларға тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы бойынша кепілді өтем төлеу жөніндегі міндеттемелер тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе:

1) банкрот болуға;

2) уәкілетті мемлекеттік органдардың, заңды немесе жеке тұлғалардың ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің қызметін заңнамалық актілерде көзделген басқа да негіздер бойынша тоқтату туралы өтінішіне (талап қоюына) байланысты акционерлердің жалпы жиналысының тарату туралы шешімі қабылданған күннен бастап туындайды.

2. Тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы бойынша кепілдік беруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе акционерлердің жалпы жиналысы тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде салымшыларды Қазақстан Республикасының бүкіл

аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялау арқылы, сондай-ақ өзінің интернет-ресурсында тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы бойынша кепілді өтемді төлеудің басталу күні туралы ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етеді.

3. Салымшылардың өтініш жасау тәртібі және тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы бойынша кепілдік беруді жүзеге асыратын мемлекеттік органның кепілді өтемді төлеуді жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.";

12) 12-1-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі салымшы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтарын осы Заңның 12-1-бабы 2-тармағының талаптарын орындаған кезде тұрғын үй заемын бермеген жағдайда және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтары туралы шарт бойынша құқықтары басқа да тұлғалардың пайдасына салынбаған немесе кепілге берілмеген жағдайда, тұрғын үй құрылысы жинақ банкі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады, сондай-ақ кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинау туралы шарттың талаптарында көзделген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражат жинақтары салымшысының бірінші талап етуі бойынша даусыз тәртіппен "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының талаптарын сақтай отырып, жинақталған ақша сомасын салымшының кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасымен күрделі жөндеуге арналған қаражаты билік ету бөлігінде оған төленеді."

11. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 6-баптың 1-тармағының 15) тармақшасындағы "жүзеге асыру жатады." деген сөздер "жүзеге асыру;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) облыс әкімдігі ұсынған, жұмыс берушілер аумағында тұрғын үй салуды жоспарлаған ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің тізімін бекіту жатады.";

2) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 38) және 39) тармақшалармен толықтырылсын:

"38) ауылда, кентте, ауылдық округте тұрғын үй салу кезінде жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялайды;

39) аудандардың әкімдіктері ұсынған жұмыс берушілер, аумағында тұрғын үй салуды жоспарлаған ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің тізімдерін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәслихатына бекітуге ұсынуды қамтамасыз етеді.";

3) 31-баптың 1-тармағының 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысын ұйымдастырады;" .

4) 31-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 34) және 35) тармақшалармен толықтырылсын:

"34) жұмыс берушілер аумағында тұрғын үй салуды жоспарлаған ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің тізімдерін дайындайды және облыс әкімдігіне ұсынады;

35) ауылда, кентте, ауылдық округте тұрғын үй салу кезінде жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялауды жүзеге асырады;" .

12. "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 15-1-баптың 1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасы саласындағы бақылау мен қадағалау құзыреті шегінде бақылау және қадағалау органдарының қаржы ұйымдарының, олардың филиалдары мен үлестес тұлғаларының, Қазақстан Даму Банкінің, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің, бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, бағалы қағаздар нарығының өзге де субъектілерінің, бағалы қағаздар эмитенттерінің, кредиттік бюролардың, банк холдингтерінің, банк конгломераттарының, банктердің ірі қатысушыларының, сақтандыру холдингтерінің, сақтандыру топтарының, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ірі қатысушыларының, сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы бар актуарийлердің, арнайы қаржы компанияларының, ислам арнайы қаржы компанияларының, инвестициялық қорлардың, инвестициялық портфельді басқарушылардың ірі қатысушыларының, банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы, банк холдингі, сақтандыру холдингі белгілері бар тұлғалардың, кәсіби ұйымдардың, коллекторлық агенттіктердің, төлем жүйесіне қатысушылардың, төлем жүйелері операторлары мен операциялық орталықтарының, оның ішінде олармен жасалған шарт бойынша төлем жүйесінің жұмыс істеуі үшін қызметтер көрсетуге уәкілеттік берілген кез келген өзге тұлғаның, көрсетілетін төлем қызметтерін берушілердің, оның ішінде олармен жасалған шарт бойынша төлем қызметтерін көрсету жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген кез келген өзге тұлғаның, төлем ұйымдарының, сондай-ақ валюталық операцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың, банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының уақытша әкімшіліктерінің (уақытша әкімшілерінің), тарату комиссияларының, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының тарату

комиссияларының, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру брокерлері филиалдарының (бұдан әрі – тексерілетін субъект) Қазақстан Республикасының банк, валюталық заңнамасында, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі, төлемдер және төлем жүйелері, зейнетақымен қамсыздандыру, бағалы қағаздар рыногы, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру, пошта, Қазақстанның Даму Банкі, Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы, микроқаржылық қызмет, коллекторлық қызмет, Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл, акционерлік қоғамдар, инвестициялық және венчурлік қорлар туралы заңнамасында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру қағидаларында белгіленген талаптарды сақтауына бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруын, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды, Қазақстан Республикасының ұлттық және экономикалық қауіпсіздігіне, оның қаржы жүйесінің тұрақтылығына қауіп төндіретін бұзушылықтарды анықтауды, қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының, банк конгломераттарының және (немесе) сақтандыру топтарының қызметіндегі кемшіліктерді және (немесе) тәуекелдерді анықтауды көздейді.";

2) 15-7-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының банк заңнамасы, Қазақстан Республикасының сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі, зейнетақымен қамсыздандыру, бағалы қағаздар рыногы, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік, пошта, Қазақстан Даму Банкі, Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасы, инвестициялық және венчурлік қорлар туралы заңнамасы талаптарының сақталуын бақылау және қадағалау;"

13. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

2-баптың 2-2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-2. Осы Заңның банктерге қатысты қолданылатын ережелері ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіне, Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдарына қолданылады."

14. "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспеде "дара кәсіпкерлік субъектілерінің" деген сөздерден кейін ", жекеше нотариустар, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың және кәсіби медиаторлардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 1-бапта:

8) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) депозитор – қатысушы банкпен банк шоты және (немесе) банктік салым шартын жасасқан не пайдасына салым енгізілген жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкерлік субъектісі, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиатор;"

3) 7-баптың 1-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым өз міндеттері мен функцияларын орындау үшін депозиттерге:"

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банктер Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары санатына жатқызылған және (немесе) төлемге қабілетсіз банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары жатқызылған қатысушы банктен санатына, банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктен (банкті уақытша басқарушыдан) осындай банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банкі филиалының активтері мен міндеттемелері туралы мәліметтерді қоса алғанда, оның қызметі туралы ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды, оның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді сұратуға;"

4) 10-бапта:

1-тармақ алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіру үшін банк (Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы) уәкілетті органның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиясын алған күні депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нысан бойынша жасалған өтінішті, сондай-ақ уәкілетті органның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашуға және жүргізуге лицензиясы туралы мәліметтерді ұсыну арқылы қосылу шартына қосылуға міндетті.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым банктен (Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалынан) қосылу шартына оның

қосылуы туралы өтінішті алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ол туралы ақпаратты депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тізіліміне енгізеді және банкке (Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалына) оның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіруі туралы жазбаша нысанда хабарлайды.";

6-тармақ алып тасталсын;

3) 11-баптың 2-тармағында:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) шартты бұзғаны үшін тараптардың жауаптылығы туралы талаптар;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің тізіліміне енгізілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қатысушы банктің депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен төлемдердің электрондық порталына қосылу және қол жеткізу талаптары мен тәртібін айқындайтын келісім жасасу міндеті қамтылуы тиіс.";

4) 12-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қосымша жарналар депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның кепілдік берілген өтемді төлеу үшін арнайы резервінің қаражаты және меншікті активтері жеткіліксіз болған жағдайда, осы Заңның 22-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен пайдаланылатын, қатысушы банктер төлейтін біржолғы төлемдер;" ;

5) 13-баптың 2-тармағында:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) клиенттерге өзінің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатыны туралы хабарлауға, сондай-ақ банктік шот шартын және (немесе) банктік салым шартын жасасқан кезде жазбаша немесе банктік шот шартында және (немесе) банктік салым шартында көзделген тәсілмен оларды депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның басқарушы органы бекіткен нысан бойынша осы Заңда көзделген кепілді өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы, оның ішінде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның өтемнің талап етілмеген сомасын Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген тәртіппен ашылған, ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына аударуы туралы хабардар етуге;"

5-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5-1) қатысушы банк өзінің депозиторлары мен кредиторларының мүдделеріне қатер төндіретін және (немесе) қаржы жүйесінің тұрақтылығына қатер төндіретін қаржылық жағдайы орнықсыз банкттер, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің, филиалдары санатына жатқызылған, және (немесе) төлемге қабілетсіз банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары санатына

жатқызылған жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның сұрау салуы бойынша қатысушы банктің активтері мен міндеттемелері туралы, оның ішінде банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоса алғанда, өз қызметі туралы, ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды ұсынуға;"

б) 14-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қатысушы банктің атауы өзгерген жағдайда депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым қатысушы банктен растайтын құжаттарды алған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер тізіліміне тиісті өзгерістер енгізеді.";

7) 15-бапта:

1-тармақтың 4) тармақшасындағы, "орындалмауы негіз болып табылады." деген сөздер "орындалмауы;" деген сөзбен ауыстырылып мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) лицензияның қолданылуын "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының 7) тармақшасында көзделген негіз бойынша тоқтатуы негіз болып табылады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының 7) тармақшасында көзделген негіз бойынша қатысушы банк лицензиясының қолданылуы тоқтатылған кезде лицензияның қолданылуы тоқтатылған күннен бастап тоқтатылуға жатады.

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қатысушы банкті депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен шығару депозиттерге міндетті жүйесіне қатысушы банктердің тізілімінен ол туралы ақпаратты алып тастау арқылы жүзеге асырылады.

4. Қатысушы банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен уәкілетті органның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашуға және жүргізуге арналған лицензиядан айыру, ерікті түрде қайта ұйымдастыру негіздері бойынша, сондай-ақ осы баптың 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген негіз бойынша шығарылған кезде жүйеден шығарылған банк (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы) өзін шығарған күннен бастап үш ай ішінде депозиторлардың депозиттерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, тікелей төлеу арқылы не оларды басқа қатысушы банкке аудару арқылы қайтарып беруге міндетті.

Қатысушы банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінен осы баптың 2-тармағының 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша шығарылған

кезде жүйеден шығарылған банк (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес депозиттердi қайтарып беруге мiндеттi.";

8) 16-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Депозиторлардың мүдделерiн қорғау мақсатында төлемге қабiлетсiз қатысушы банктің не барлық банк операцияларын жүргiзуге лицензиясынан айырылған қатысушы банктің активтерi мен мiндеттемелерiн басқа банкке (басқа банктерге) бiр мезгiлде беру бойынша операцияны жүргiзуге жол берiледi, оны жүргiзу тәртібi Қазақстан Республикасының банк заңнамасында айқындалады.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Егер осы баптың 1-тармағына сәйкес берiлетiн кепiлдiк берiлетiн депозиттер бойынша мiндеттемелердiң мөлшерi төлемге қабiлетсiз қатысушы банктің, не барлық банк операцияларын жүргiзуге лицензиясынан айырылған қатысушы банктің басқа банкке (басқа банктерге) мүлкінің мөлшерiнен асып түскен жағдайда, депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйым пайда болған айырманы арнайы резерв қаражаты есебiнен, ал олар жеткіліксiз болған жағдайда осы Заңның 22-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен пайдаланылатын меншікті активтерiнiң есебiнен толтыруға мiндеттi.";

9) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру объектілерi

Қатысушы банктің банк шоттарындағы және банк шотының және (немесе) банк салымының шарттарымен куәландырылған теңгедегi және шетел валютасындағы депозиттердiң барлық банк операцияларын жүргiзуге арналған лицензиясынан оны айырған жағдайда депозиторларға қайтару жөнiндегi мiндеттемелерi және осы Заңда көзделген кепiлдiк берiлген өтем сомалары шегiнде қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргiзуге арналған лицензиядан айыру күнiне есептелген осындай депозиттер бойынша сыйақылары депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру объектілерi болып табылады.

Талап ету құқықтары заңды тұлғалар мен жергiлікті атқарушы органдарға өтетiн депозиторлардың депозиттерi депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру объектілерi болып табылмайды.";

10) 22-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

3-тармақтың бiрiншi абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйымның арнайы резервi:";

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Осы баптың 3-тармағында көзделген мақсаттар үшін арнайы резервтің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым шығыстарды өзінің жарғылық капиталы мөлшерінің жетпіс пайызы шегінде меншікті активтері есебінен көтереді.

Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның жалғыз акционері өз активтерінің қаражатын пайдаланудың осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген шектен асатын өзге мөлшерін белгілеуге құқылы.";

11) 23-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның арнайы резервтің қаражаты және осы Заңның 22-бабының 4-тармағында көзделген тәртіппен пайдаланылатын меншікті активтері кепілдік берілген өтемді төлеу үшін жеткіліксіз болған кезде, сондай-ақ қатысушы банктердің қосымша жарналары есебінен жетіспейтін соманы жабу мүмкін болмаған жағдайда депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен жетіспейтін ақша сомасында қарыз алуға құқылы."

15. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері мемлекеттік органдардың, өзге де мемлекеттік мекемелердің, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының және ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің ғана ақпараттық жүйелері үшін электрондық ақпараттық ресурс болып табылады.";

2) 11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-7) тармақшамен толықтырылсын:

"3-7) заңнамада көзделген қызметті жүзеге асыру мақсатында ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне;"

16. "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

20-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қаржы ұйымдарында, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарында, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарында, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарында, Қазақстанның Даму Банкінде, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкінде бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі нормативтік құқықтық актілер және оларға әдістемелік ұсынымдарды қабылдау арқылы жүзеге асырады.";

6-тармақтың 3-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-2) Қазақстанның Даму Банкі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі үшін осы Заңның талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарларын әзірлейді және бекітеді;"

17. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 17-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) дербес деректер және оларды қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің;"

2) 20-бапта:

1-тармақтың сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жай жазбаша нысанда жасалатын, қолма-қол ақшасыз нысанда жылжымайтын мүлікпен мәміле бойынша есеп айырысу жүзеге асырылған кезде тараптардың келісуімен тіркеуші орган мәмілені қамтамасыз ету мақсатында банк шоты, ашылған екінші деңгейдегі банкке, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне немесе Ұлттық пошта операторына жүргізілген тіркеу туралы хабарлама жібереді.";

2-тармақтың 2) тармақшасының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төленгеннен кейін чектің деректемелері (төлемнің бірегей коды, төлем алушының атауы, екінші деңгейдегі банктің), ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы, төлем төлеушінің деректері, оның ішінде оның сәйкестендіру нөмірі, ақы сомасы, ақының төленген күні мен уақыты, құқық белгілейтін құжаттың бірегей нөмірі ) электрондық чек түрінде ЭҮТШ-те сақталады және құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне жіберіледі;"

3) 27-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жай жазбаша нысанда жасалатын, қолма-қол ақшасыз нысанда жылжымайтын мүлікпен мәміле бойынша есеп айырысу жүзеге асырылған кезде тіркеуші орган мәмілені қамтамасыз ету мақсатында банк шоты ашылған екінші деңгейдегі банкке, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне немесе Ұлттық пошта операторына аталған хабарламаны жібереді.";

4) 31-баптың 3-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жай жазбаша нысанда жасалатын, қолма-қол ақшасыз нысанда жылжымайтын мүлікпен мәміле бойынша есеп айырысу жүзеге асырылған кезде тіркеуші орган

мәмілені қамтамасыз ету мақсатында банктік шот ашылған екінші деңгейдегі банкке, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне немесе Ұлттық пошта операторына аталған хабарламаны жібереді."

18. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 4-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Заңның екінші деңгейдегі банктерге, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қатысты қолданылатын ережелері ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне, Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қолданылады.";

2) 58-баптың 2-тармағының екінші бөлігі:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған ұлттық даму институты мәртебесі бар тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банк шоттарындағы ақшаға;"

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жинақтар түрінде екінші деңгейдегі банктердегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банк шоттарындағы ақшаға;"

3) 62-баптың 3-тармағының екінші абзацы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесі бар тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі банк шоттарындағы ақшаға;"

4) 62-баптың 3-тармағы екінші бөлігінің 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жинақтар түрінде екінші деңгейдегі банктердегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі банк шоттарындағы ақшаға;"

5) 98-баптың бірінші бөлігінде:

18-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18-2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жинақтар түрінде екінші деңгейдегі банктердегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі банк шоттарындағы ақшадан;"

мынадай мазмұндағы 18-3) тармақшамен толықтырылсын:

"18-3) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банк шоттарындағы ақшадан;"

19. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 33) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"33) ұлттық даму институттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен акционерлік қоғамдардың ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, қызметінің басты мақсаты индустриялық-инновациялық даму, кәсіпкерлікті қолдау және тұрғын үй саясаты саласындағы жобаларды іске асыру болып табылатын қаржылық, консалтингтік, инновациялық, сервистік ұйымдар;"

20. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

28-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі;"

21. "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 27) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"27) ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету каталогы – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы мемлекеттік органдарға және ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне ұсынатын ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің бірыңғай анықтамалығы;"

2) 20-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Екінші деңгейдегі банктер, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар электрондық нысанда қызметтер көрсететін субъектінің және электрондық нысанда қызметтер алатын субъектінің сұрау салуы бойынша мынадай:

1) мемлекеттік қызметтер электрондық нысанда көрсетілген кезде – банк шотының сұрау салуда көрсетілген тұлғаға тиесілігі және жылжымалы және жылжымайтын мүлік кепілі шартының бар-жоғы туралы;

2) жеке және заңды тұлғалар электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер үшін төлемдерді жүзеге асырған кезде ақша сомасы, төлемнің жүзеге асырылған күні, ақшаны жөнелтуші және бенефициар туралы мәліметтерді электрондық нысанда ұсынады.";

3) 28-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Екінші деңгейдегі банктер, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар қызметтер көрсету шеңберінде төлемдерді қабылдау және жүргізу процестеріне қатыса отырып, осы процестерге қатыстырылған өздерінің ақпараттық жүйелерінің "электрондық үкіметтің" төлем шлюзімен тікелей не банкаралық ақша аударымдары жүйесі операторының ақпараттық жүйесі арқылы интеграциясын қамтамасыз етеді."

22. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 21-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жүйелік маңызы бар және маңызды төлем жүйелері операторларының және (немесе) операциялық орталықтарының, оның ішінде олармен жасалған шарт бойынша төлем жүйесінің жұмыс істеуі үшін қызметтер көрсетуге уәкілеттік берілген кез келген өзге де тұлғаның қызметіне "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізеді,";

2) 25-баптың 10-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1. Екінші деңгейдегі банктер, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен банктер мен мемлекеттік кіріс органдарының ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимыл жасасуы арқылы мемлекеттік кіріс органдарына қосылған құн салығын есепке жатқызуға арналған ағымдағы шоттарды иеленушілер туралы мәліметтерді, олардың ашылуы және жабылуы, осындай шоттар бойынша жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, сондай-ақ ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпаратты береді.";

3) 27-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы баптың 2-тармағы 1) және 2) тармақшаларының ережелері жеке-тұлға-клиентке мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік

сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді немесе мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінде жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін төлемдер мен субсидияларды төлеу мақсатында ашылған, сондай-ақ алименттерге (кәмелетке толмағандарды және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақша) есепке жатқызуға арналған банк шотын ашу жағдайларына қолданылмайды.

10-тармақтың үшінші бөлігінде:

2-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылысы жинақ банктеріндегі банк шоттарындағы ақшаға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жинақтар түрінде екінші деңгейдегі банктердегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банк шоттарындағы ақшаға;"

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

"2-2) жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банк шоттарындағы ақшаға;"

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке жатқызуға арналған банк шоттары бойынша, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен жинақталған тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы түріндегі тұрғын үй құрылыс жинақ банктеріндегі банк шоттарындағы ақшаға, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есепке жатқызуға арналған, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банк шоттарындағы ақшаға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жинақтар түрінде екінші деңгейдегі банктердегі банк шоттарындағы ақшаға, инвестициялық

шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банк шоттарындағы ақшаға, сондай-ақ нотариус депозиті шарттарында енгізілген, "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банк шоттарындағы ақшаға, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының банк шоттарындағы активтеріне, уәкілетті мемлекеттік орган лицензиядан айырған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының ақшасына, жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотындағы ақшаға, уәкілетті мемлекеттік орган лицензиядан айырған және қызметін мәжбүрлеп тоқтату процесінде тұрған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының ақшасына тыйым салуға, шығыс операцияларын тоқтата тұруға, мүлікке билік етуге уақытша шектеу қоюға, мүлікпен мәмілелер және өзге де операциялар жасауға шектеулер қоюға жол берілмейді.";

4) 46-баптың 7-тармағы бірінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) банк шоттарынан ақшаны өндіріп алу туралы талап мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды және әлеуметтік төлемдерді, тұрғын үй төлемдерін, ұлттық даму институты мәртебесі бар тұрғын үй құрылыс жинақ банкіндегі банк шоттарындағы жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін ақы төлеу мақсатында төлемдер мен субсидияларды есептеуге арналған ақша, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаны, тұрғын үй төлемдерін пайдалану есебінен сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотындағы ақшаны, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу мақсатында жасалатын шарттар бойынша міндеттемелердің орындалмауы туралы істер бойынша сот шешімдерінің негізінде өндіріп алуларды қоспағанда, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жинақтар түрінде екінші деңгейдегі банктердегі, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкіндегі банк шоттарындағы ақшаны есепке жатқызуға арналған банк шотына, сондай-ақ "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банк шотына қойылған жағдайларда;"

23. "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-баптың 1-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) егер олар Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғынжайға мұқтаж деп танылса және бұрын тұрғынжайды алу құқығын пайдаланбаған болса, жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың біржолғы тұрғынжаймен қамтамасыз етуі;"

5) тармақша алып тасталсын;

2) 11-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғынжаймен қамтамасыз ету;"

2-бап.

Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының  
Президенті**